

М.М. Сапирова*¹ , Г.Б. Мауленбердиева² 
¹ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
²»Мирас» университеті, Шымкент, Қазақстан

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Ауылдық жерлерде тұратын әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі – әлеуметтік жұмыс пен психология саласындағы аса өзекті, бірақ жеткіліксіз зерттелген тақырыптардың бірі. Бұл мақала ауылдық жерлерде тұратын әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық салдарын зерттеуге арналған. Ауылдық ортаның ерекшеліктері зорлық-зомбылық құрбандарының психологиялық жағдайына және кәсіби көмекке қолжетімділігіне елеулі әсер ететіні атап өтіледі.

Теориялық бөлімде негізгі ұғымдарға анықтама беріліп, зорлық-зомбылық түрлері мен әлеуметтік-психологиялық көмектің мазмұны талданады. Зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйел психикасына негізгі әсерлері – психологиялық жарақат, депрессия, үрей, өзін-өзі төмен бағалау, үйренген шарасыздық синдромы – анықталып, визуалды түрде сызба ретінде ұсынылды. Сонымен қатар, ауылдық ортаның әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жиілеуіне әсер ететін факторлары сипатталды.

Эмпирикалық зерттеу ретінде Жамбыл облысы Қордай ауданындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығының қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді. Оның мақсаты – әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бағыттары мен проблемаларын анықтау болды. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге бастан кешкен зорлық-зомбылықтың негізгі психологиялық салдарын анықтау мақсатында RCL сауалнамасы ұсынылды.

Түйін сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйелдер, ауылдық жерлер, психологиялық салдары, әлеуметтік-психологиялық көмек, травма, депрессия.

М.М. Сапирова*¹, Г.Б. Мауленбердиева²
¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
²Университет «Мирас», Шымкент, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ ДЛЯ ЖЕНЩИН В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ И НАПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

Аннотация

Проблема бытового насилия над женщинами в сельской местности является одной из наиболее актуальных, но недостаточно изученных тем в социальной работе и психологии. Данная статья посвящена исследованию психологических последствий домашнего насилия в отношении женщин, проживающих в сельской местности. Отмечается, что особенности сельской среды существенно влияют на психологическое состояние жертв насилия и их доступ к квалифицированной помощи.

В теоретической части даны определения ключевых понятий и анализ видов насилия и содержания социально-психологической помощи. Анализ научной литературы по проблеме

исследования позволил выделить основные последствия домашнего насилия для психики женщин – психологическая травма, депрессия, тревожность, заниженная самооценка, синдром выученной беспомощности. Они схематично представлены для визуализации. Кроме того, подробно описаны факторы аульской среды, приводящие к частым случаям бытового насилия касательно женщин.

В качестве эмпирического исследования нами было проведено анкетирование среди сотрудников Центра социального оказания помощи жертвам бытового насилия Кордайского района Жамбылской области. Его целью было выявление направлений и проблем в предоставлении социально-психологической помощи. А женщинам, пострадавшим от бытового насилия, был предложен опросник PCL для оценки их психического состояния и выявления основных психологических последствий пережитого насилия.

Ключевые слова: бытовое насилие, женщины, сельская местность, психологические последствия, социально-психологическая помощь, травма, депрессия.

*M.M. Sapirova*¹, G.B. Maulenberdieva²*

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²»Miras» University, Shymkent, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL CONSEQUENCES OF DOMESTIC VIOLENCE FOR WOMEN IN RURAL AREAS AND DIRECTIONS FOR SOCIO-PSYCHOLOGICAL ASSISTANCE

Abstract

The problem of domestic violence against women in rural areas is one of the most urgent yet insufficiently studied issues in social work and psychology. This article focuses on exploring the psychological consequences of domestic violence experienced by women living in rural settings. It highlights that the specific characteristics of rural environments significantly affect the victims' mental state and their access to qualified assistance.

The theoretical section provides definitions of key terms and an analysis of the types of violence and social-psychological support. A review of relevant scientific literature enabled the identification of major psychological consequences of domestic violence for women's mental health, including psychological trauma, depression, anxiety, low self-esteem, and learned helplessness syndrome. These are visually presented in a schematic form. Furthermore, the article describes in detail the rural environmental factors that contribute to the prevalence of domestic violence against women.

As part of the empirical research, a survey was conducted among staff of the Center for Social Assistance to Victims of Domestic Violence in Kordai district of Zhambyl region. The purpose was to identify the key directions and challenges in providing social and psychological support. Additionally, the PCL questionnaire was administered to women who had experienced domestic violence to assess their mental condition and determine the main psychological effects of the violence they endured.

Keywords: domestic violence, women, rural areas, psychological consequences, socio-psychological support, trauma, depression.

КІРІСПЕ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүкіл әлемдегі, оның ішінде Қазақстандағы өзекті әлеуметтік-психологиялық мәселелердің бірі. Бұл құбылыс отбасы мен қоғамның әл-ауқатына, әсіресе әйелдер мен балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Әйелдерге қатысты жасалған тұрмыстық зорлық зомбылық оның ең кең таралған түрінің бірі болып саналады. Ол тек зорлық құрбандарына тікелей зиян келтірмей, отбасының психологиялық атмосферасы мен қоғамның моральдық жағдайына жанама теріс әсер етеді.

Аталған мәселенің өзекті болғаны соншалықты, жыл сайын 25 қарашада әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін халықаралық күрес күні ретінде атап өтіледі. Бұл 1999 жылы

БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде шешіліп, ресми түрде жарияланған болатын [1]. Ол 10 желтоқсанда аяқталатын гендерлік зорлық зомбылыққа қарсы күндер қатарында тұрған бірінші күн.

Қазіргі таңда, бұл мәселе елімізде күн тәртібінен түспей келеді. Статистика бойынша, 2021-2023 жылдарының аралығында үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Оған байланысты, мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев «отбасындағы тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек» деген ойда [2].

БҰҰ-ның Әйелдер қорының ресми мәліметтері бойынша, Қазақстанда өз отбасында зорлық-зомбылық көріп, қаза болған әйелдердің саны бір жыл ішінде 500-ге жетеді [3]. Одан да көп жандар бұл қылмыстық мінез-құлықтан психологиялық жарақат алып, сонымен өмір сүре береді екен. Осыған орай, біз еліміздегі нақты әлеуметтік көмек көрсету орталығында тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдермен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмысын зерттеуді жөн деп санаймыз.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың физикалық зардаптары көбірек көрінетін болса, оның психологиялық салдары әйелдердің өмір бойғы денсаулығы мен әл-ауқатына терең және ұзақ мерзімді әсер етеді. Ауылдық жерлерде бұл белгілі бір факторларға байланысты күшеюі мүмкін. Сондықтан, ауылдық жерлердегі әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық ерекшеліктерін және осы топқа арналған әлеуметтік-психологиялық көмек бағыттарын зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы зор.

Әдебиетке шолу. Шетелдік ғалымдар, Р. Кaur және Dr. V. Kaur өз мақаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйелдердің психикалық денсаулығы мен жалпы әл-ауқатына әсеріне назар аударады. Зерттеуде отбасылық және жақын қарым-қатынастардағы зорлық-зомбылықтың себептері, түрлері, салдарлары мен әсер ету механизмдері қарастырылады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық – жаһандық қоғамдық денсаулық сақтау және адам құқықтары мәселесі ретінде танылып, әйелдердің физикалық, психикалық, жыныстық және репродуктивтік денсаулығына елеулі зиян келтіретіні атап өтіледі. Авторлар зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер түрлі психологиялық қиындықтарды бастан өткеретінін көрсетеді [4].

М.Самро мен S. Tayton өңірлік, ауылдық және шалғай аймақтарда тұрмыстық және отбасылық зорлық-зомбылық деңгейі қалалық жерлермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екенін атап көрсетеді. Бұл жағдай шағын қауымдастықтарға тән географиялық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерге байланысты, мұнда «отбасылық мәселелер» туралы ашық айтпау және оларды стигматизациялау кең таралған. Мұндай өңірлерде тұратын әйелдер көмекке жүгінуге талпынғанда бірқатар ерекше қиындықтарға тап болады: қоғамдық айыптаудан қорқу, өсек-аяңның таралуы, жасырындықтың болмауы және жергілікті медицина, әлеуметтік және құқықтық қызметтердің зорлықтың табиғаты туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуы. Бұл факторлар жәбірленушілердің қолдау мен қорғауға қол жеткізу мүмкіндігін едәуір шектейді [5].

Р.С. Кейнеджад пен оның әріптестері табысы төмен және орташа елдерде жүргізілген 21 зерттеуді қамтыған жүйелі шолу мен метаанализ жасады. Бұл зерттеу интимдік серіктестік зорлық-зомбылығы жағдайындағы әйелдерге арналған психологиялық интервенциялардың тиімді екенін көрсетті. Психикалық бұзылыстары бар (депрессия, үрей, ПТСБ) әйелдер үшін бұл интервенциялар серіктестік зорлық-зомбылықтың болуына қарамастан пайдалы болды. Авторлар травмалық жағдайларды когнитивтік өңдеу, күресу дағдылары мен мінез-құлықтық белсендіру сияқты тәсілдер зерттелушілердің психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға ықпал еткен деген қорытындыға келген [6].

Тұрмыстық зорлық зомбылықтан зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету аспектісін И.Г. Малкина-Пых секілді ресейлік ғалымдар зерттеген. «Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге психологиялық көмек» атты оқулығында Малкина-Пых әртүрлі зорлық түрлерінен жапа шеккен жандарға психологиялық қолдау көрсету бойынша кешенді нұсқаулық

ұсынады [7]. Бұл оқулықта теориялық аспектілермен қатар, зардап шеккендермен жұмыс істеудің практикалық әдістері де қамтылған.

О.К. Таусинова ғылыми зерттеуін әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарын анықтау үшін жүргізген. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың кең таралғандығы мен оның теріс әсерлері психологиялық және әлеуметтік салдарларға алып келуі жоғары бағаланады. Автордың пікірінше, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әртүрлі формалары әйелдің кейінгі өмірдің сапасына, өзіне деген көзқарасына және басқалармен қатынастарына теріс әсер етуі мүмкін [8].

Қазақстандық ғалымдармен тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі көбінесе қылмыстық жағдаят пен әлеуметтік әл-ауқатына қауіп ретінде қарастырылады. Мысалы, Д.К. Темірқанова әріптестерімен жүргізген зерттеу бес жыл аралығындағы қылмыстық және әкімшілік іс материалдарының талдауы негізінде Қостанай облысындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың криминологиялық сипаттамасына арналған. Авторлар тұрмыстық зорлық-зомбылық жүйелі, жасырын сипатқа ие екенін және көбінесе жәбірленуші мен агрессор арасындағы эмоционалдық байланыс жағдайында жасалатынын анықтайды [9].

Ғалымдармен психологиялық аспектілер ерекше маңызды ретінде көрсетілген: бастапқыда ауызша зорлық-зомбылық (қорлау, қорлау) жиі физикалық күш көрсетуге ұласады. Сонымен қатар, зорлық-зомбылық тек физикалық қысым ғана емес, сонымен қатар бақылау мен қорлауды қамтитын психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі екені атап өтіледі. Мақалада агрессорлар мен жәбірленушілердің қалыптасуы көбінесе бала кезіндегі жағымсыз өмірлік тәжірибемен байланысты екені көрсетіліп, бұл мәселені шешу тек жазалаумен шектелмей, психологиялық көмекті қоса алғанда, оңалту шараларын да қамтуы қажет екені баса айтылады [9].

Өз мақаласында А.Ж. Қазбек Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін қарастырып, оның жүйелі сипатына және әлеуметтік-экономикалық, мәдени факторлармен байланысына назар аударады. Автор қоғамдық және экономикалық дағдарыс кезеңінде зорлық-зомбылықтың өсуі мен агрессивті мінез-құлық үлгілерінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуін атап өтеді. Автор жәбірленушілердің құқықтық қорғалуының жеткіліксіздігін, патриархалды көзқарастарды, зардап шеккендердің білім деңгейінің төмендігін, сонымен қатар дағдарыс орталықтарының рөлін және алдын алу мен әлеуметтік қолдауға бағытталған кешенді мемлекеттік шаралардың қажеттілігін көрсетеді [10].

Сонымен, ауылдық жерлерде тұратын әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және онымен күрес, зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелді өмірге қайта бейімдеу, психологиялық күйзелістен шығару, отбасындағы психологиялық ахуалды жақсарту бағытындағы арнайы көмек көрсететін әлеуметтік-психологиялық орталықтарының жұмысы туралы жазылған зерттеулер аз.

Зерттеудің мақсаты: әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық зомбылықтың психологиялық салдарын және әлеуметтік көмек көрсету орталығында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік-психологиялық жұмысының бағыттарын талдау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Зорлық-зомбылық ұғымына анықтама беріп, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ерекшеліктерін зерттеу;
2. Әйелдер үшін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық салдары туралы жұмыстарды талдау және жүйелеу;
3. Әлеуметтік-психологиялық көмектің түсінігі мен осы мәселенің контекстінде негізгі бағыттарын зерттеу;
4. «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» базасында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен қызметкерлер арасында эмпирикалық зерттеуді жүргізу;
5. Психоәлеуметтік зерттеу нәтижелерін талдау және қорытындылау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу міндеттерін орындауға біз мынадай әдістерді қолдандық:

- 1) зерттеудің түпкі ұғымдары мен мәселенің аспектілері туралы ғылыми еңбектерін теориялық талдау және жүйелеу;
- 2) нормативтік құжаттарды талдау;
- 3) тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдер арасында Post-Traumatic Stress Disorder Checklist (ПТСБ) атты сұрақнаманы жүргізу;
- 4) зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қызмет көрсететін мамандарға авторлық сауалнаманы ұсыну;
- 5) эмпирикалық мәліметтерді талдау әдістері.

Эксперименттік базасы Жамбыл облысының «Қордай аудандық тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы болып табылады. Зерттеуге 10 адамнан тұратын тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен 12 адамнан тұратын орталықта істейтін мамандар қатысты.

Сауалнама қиын өмірлік жағдайдағы әйелдердің психологиялық әл-ауқаты мен білім-тәжірибесін зерттеудің ең тиімді әдіс болған соң, ол біздің зерттеуіміздің эмпирикалық әдісі ретінде таңдалды. Басқа сауалнама әлеуметтік көмек көрсету орталығының қызметкерлерінің әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы пікірлері, кәсібі функциялары мен қиындықтарын да анықтауға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Теориялық зерттеу. Көтеріліп отырған мәселе көпшілікке түсінікті болуы үшін алдымен зорлық зомбылық дегеніміз не және оның пайда болу себептеріне тоқталуды жөн санаймыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зорлық зомбылық деп тұлғаның өз-өзіне, басқа адамға, адамдар тобына немесе жалпыға қарсы бағытталған нақты немесе қауіп төндіретін физикалық күштің қасақана қолданылуын түсінеді [11].

Бұл анықтама мынадай түрлерін қамтиды:

- ❖ физикалық зорлық-зомбылық (соққыға жығу, ұру);
- ❖ жыныстық зорлық-зомбылық (жыныстық қатынасқа немесе жыныстық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеу);
- ❖ психологиялық зорлық-зомбылық (қорлау, қорқыту, манипуляция жасау);
- ❖ экономикалық зорлық-зомбылық (ресурстарға қол жеткізуді шектеу, жұмыс істеуге тыйым салу және т.б.).

Зорлық-зомбылықтың нәтижелері немесе ықтималдығы жоғары салдары дене жарақаты, өлім, психологиялық жарақат, дамудың ауытқуы немесе әр түрлі зиян келтіруде көрініс табады. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың физикалық қана зиян келтірмей, елеулі психологиялық залалды қалдыратынын көрсетеді. Ақиқат бойынша, көбінесе әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық зомбылыққа ұшырайды.

Негізі, «тұрмыстық зорлық зомбылық» терминін АҚШ-тың ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығы 1983 жылы енгізді [12]. Жалпы, «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» термині бірқатар халықаралық шарттардың атауларында айтылады. Мысалы, 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация мен 1994 жылғы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, жазалау және жою туралы америкалық конвенцияда осы ұғым қолданылады [13].

Тұрмыстық (отбасылық) зорлық-зомбылық дегеніміз - билік орнату, бақылау жасау немесе бағындыру мақсатында бір отбасы мүшесі немесе үй шаруашылығының мүшесі тарапынан екінші адамға қатысты жүйелі түрде қолданылатын зорлық-зомбылық әрекеттері. Оған физикалық, психологиялық, жыныстық немесе экономикалық ықпал ету жатады.

Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйелдер психикасына тигізетін негізгі салдарына травма, депрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, қалыптасқан дәрменсіздік синдромы кіреді.

О.К. Таусинова бұл құбылыстың мынадай психологиялық салдарларды атап өтеді:

➤ Психикалық бұзылулардың даму қаупі, соның ішінде депрессия, үрей, посттравматикалық стресс синдромы (ПТСС).

➤ Күні бойы сақталатын эмоционалды реакциялар – қорқу, үрей, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі.

➤ Ұзақ мерзімді психологиялық бұзылулары, мысалы, өзін-өзі қабылдау мен әлеуметтік қатынастарға әсері.

➤ Қиындықтар мен қалыптаспағандықтар – әлеуметтік оқшаулану, отбасы мен қатынастарда қиындықтар, кейде балалар мен отбасы мүшелеріне де әсер етуі.

➤ Қоғамдастыққа әсері, оның ішінде экономикалық қиындықтар, еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі және жалпы өмір сапасының нашарлауы [8].

Автор сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның психологиялық салдарларын азайту үшін ерте анықтау және оңалту шараларын дамыту қажеттігін атап көрсеткен.

Кеңірек айтқанда, ең көп тараған психологиялық салдарлар қатарына мыналар жатады:

i. *Травмадан кейінгі стресстік бұзылыс (ТКСБ)*: Қайталанатын немесе ауыр зорлық-зомбылық эпизодтарынан кейін дамиды. Симптомдарына флэшбэкттер, түнгі қорқыныштар, оқиғаны еске түсіретін жағдайлардан аулақ болу, гиперсергектік жатады. Ауылдық жерлерде агрессормен тұрақты байланыс немесе ауыл ішіндегі әлеуметтік ортаның шектеулігі травмалық тәжірибені қайта жаңғырту қаупін арттырады.

ii. *Депрессия және мазасыздық*: Үнемі қорқыныш, үмітсіздік, өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы, ұйқысыздық немесе шамадан тыс ұйқы, тәбеттің өзгеруі байқалады. Ауылдағы әлеуметтік оқшаулану, қолдаудың болмауы депрессиялық және мазасыздық күйлерін тереңдетуі мүмкін.

iii. *Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі және кінә сезімі*: Агрессордың тұрақты түрде кемсітуі мен айыптауы әйелдің өзіндік құндылығын жоғалтуына, болған оқиғаға өзін кінәлауына әкеледі. Ауылдағы қалыптасқан гендерлік стереотиптер мен «отбасындағыны жасыру» сияқты дәстүрлер бұл сезімдерді күшейтуі мүмкін.

iv. *Үйренген дәрменсіздік*: Ұзақ уақыт бойы зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудың нәтижесіз болуы әйелдің жағдайды өзгерту мүмкін еместігіне сенімділігін қалыптастырады. Ол белсенді әрекет етуден бас тартып, жағдаймен келісе бастайды. Ауылда баламалардың (жұмыс, баспана, қолдау топтары) шектеулі болуы бұл сезімді арттырады.

v. *Әлеуметтік оқшаулану*: Қорқыныш, ұят немесе агрессордың бақылауы салдарынан әйел әлеуметтік байланыстарын үзеді, достарымен, туыстарымен қарым-қатынастан бас тартады. Ауылда әлеуметтік ортаның тарлығы оқшаулануды одан әрі күрделендіреді.

vi. *Психосоматикалық бұзылыстар*: Бас ауруы, ас қорыту проблемалары, созылмалы шаршау, сияқты физикалық симптомдар психологиялық стресстің салдары болуы мүмкін.

Бұл психологиялық зардаптар 1-суретте схематикалық түрде көрсетілген.



Сурет 1 - Әйелдер үшін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық зардаптары

Әлеуметтік-психологиялық көмек деген ұғымға келетін болсақ, оны қиын өмірлік жағдайға тап болған адамды немесе топты қолдауға бағытталған кешенді шаралар мен әсерлер ретінде түсінеді [14]. Бұл көмек адамның ішкі психологиялық жағдайын да, оның әл-ауқаты мен бейімделу қабілетіне әсер ететін сыртқы әлеуметтік факторларды да ескереді.

Басқа сөзбен айтқанда, бұл – психологиялық (эмоционалдық жағдаймен, травмалармен, сенімдермен, мінез-құлықпен жұмыс істеу үшін) және әлеуметтік жұмыс (әлеуметтік ортаға, ресурстарға қолжетімділікке, құқықтарға, қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешу үшін) әдістері мен білімдерін біріктіретін пәнаралық тәсіл.

Ауылдық ортаның ерекшеліктері зорлық-зомбылық құрбандарының психологиялық жағдайына және олардың көмекке қолжетімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Олардың ішінде:

- географиялық оқшаулану;
- дәстүрлі әлеуметтік нормалар;
- теріс гендерлік стереотиптер;
- мамандардың жетіспеушілігі;
- тұрғындардың эрудициясы мен сауаттылығының төмен деңгейі.

Ғылыми тілде айтқанда, келесі ауылдық жерлердің ерекшеліктерін атап өтуге болады:

✚ **Қызметтерге қолжетімділіктің шектеулігі:** Психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер, дағдарыс орталықтары әдетте аудан орталықтарында немесе қалаларда орналасқан. Жол қатынасының қиындығы, қаржылық мәселелер көмекке жүгінуге кедергі келтіреді.

✚ **Құпиялылықтың болмауы және стигма:** Ауылдық жерлерде адамдар бір-бірін жақсы таниды, бұл құпиялылықты сақтауды қиындатады. Зорлық-зомбылық туралы айту ұят саналады, бұл құрбандардың үндемеуіне себеп болады.

✚ **Дәстүрлі құндылықтар мен гендерлік рөлдер:** Кейбір дәстүрлі көзқарастар әйелдің отбасындағы «тағдырына» мойынсұнуын насихаттап, зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауға итермелеуі мүмкін.

✚ **Экономикалық тәуелділік:** Ауылда әйелдердің жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін, бұл оларды қаржылық жағынан агрессорға тәуелді етеді және олардың кетуіне кедергі жасайды.

Ер мен әйелдердің құқықтық санасы мен сауаттылығының төмен деңгейі: Тәртібі жаман, толық білім алмаған ерлер әйелдеріне жиі қол мен дауысын көтеріп, физикалық залал мен психологиялық қысым тигізеді. Әйелдер болса, көбісі өз құқықтарын дұрыстап білмей, олардан зардап шегеді.

Сонымен, қалалық жерлермен салыстырғанда, ауылдық жерлерде тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі көбінесе жабық қалып, құрбандарға қажетті көмек көрсетуде елеулі кедергілерге тап болады. Ауылдық ортаның әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктері зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оның салдарын жою жұмыстарын қиындата түседі.

Эмпирикалық зерттеу. Авторлық сауалнама “Қордай аудандық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығының” қызметкерлері арасында мекемедің әлеуметтік-психологиялық жұмысының бағыттары мен қиындытарын анықтау үшін жүргізілді. Зерттелушілердің жалпы саны – 12 адам.

Сауалнама 15 сұрақтан тұрады және 4 тақырыптық бөлімді қамтиды: жалпы ақпарат, кәсіби функциялар, клиенттердің қажеттіліктерін бағалау және кәсіби қызметтегі қиындықтар. Оның нәтижелері 1-кестеде талданып жүйеленген.

Кесте 1 – Орталықтың қызметкерлеріне арналған сауалнаманың нәтижелерін талдау

Блок	Көрсеткіштер / Сұрақтар	Нәтижелері (адам саны / %)
1. Жалпы ақпарат	Жынысы	Әйел – 10 (83,3%), Ер – 2 (16,7%)
	Жасы	25–30 жас – 6 (50%), 31–40 жас – 4 (33,3%), 41+ – 2 (16,7%)
	Білімі	Жоғары – 12 (100%)
	Саладағы еңбек өтілі	1 жылға дейін – 2 (16,7%), 1–3 жыл – 5 (41,7%), 3 жылдан астам – 5 (41,7%)
2. Кәсіби функциялар	Қызмет бағыттары	Психологиялық көмек – 11 (91,7%), Құқықтық кеңес – 8 (66,7%), Әлеуметтік іс-шаралар – 12 (100%) Тұрмыстық көмек – 9 (75%)
	Ең жиі жұмыс істейтін клиенттер	Балалы әйелдер – 10 (83,3%), Қайталама келушілер – 4 (33,3%)
3. Клиент қажеттіліктері	Ең жиі сұранысқа ие көмек түрлері	Психологиялық – 12 (100%), Тұрмыстық/қаржылай – 8 (66,7%), Құжат рәсімдеуге көмек – 5 (41,7%)
	Қанағаттандырылмаған негізгі қажеттіліктер	Тұрақты баспана – 7 (58,3%), Жұмысқа орналасу – 5 (41,7%)
4. Қиындықтар мен кәсіби жүктеме	Кездесетін қиындықтар	Эмоциялық шаршау – 10 (83,3%), Кадр тапшылығы – 6 (50,0%), Агрессормен қарым-қатынас – 4 (33,3%)
	Өзін кәсіби тұрғыда күйзелген сезінеді	Иә – 8 (66,7%), Жоқ – 2 (16,7%), Кейде – 2 (16,7%)
	Қызметкерлерге қажетті қолдау түрлері	Психологиялық тренингтер – 9 (75%), Жалақыны көтеру – 8 (66,7%), Супервизия – 6 (50,0%)
	Қай салада қайта оқытудан өткізу керек	Қиын клиенттермен жұмыс – 7 (58,3%), Құқықтық білім – 5 (41,7%)

Кестеде берілген мәліметтер бойынша, 4 параметрден осындай тұжырымдар жасауға болады:

1. Жалпы ақпарат

• *Жынысы:* Әйелдер саны айтарлықтай жоғары (83,3%), бұл олардың осы салада белсенді қатысушылары екенін көрсетеді.

• *Жасы:* Негізінен жас топтары (25–30 жас) басымдықта (50%), бірақ орта жастағы (31–40 жас) мамандар да едәуір көп (33,3%), ал 41 жастан асқандар аз (16,7%).

• *Білімі:* Барлық респонденттердің білім деңгейі жоғары (100%), бұл кәсіби талаптарға сәйкес келетін мамандардың жұмыс істейтінін көрсетеді.

• *Саладағы еңбек өтілі:* 1–3 жылдық тәжірибесі бар мамандар саны басым (58,4%), бірақ 3 жылдан астам тәжірибесі бар және 1 жылдан аз тәжірибесі бар мамандар да жеткілікті (41,7%).

2. Кәсіби функциялар

• *Қызмет бағыттары:* Әлеуметтік іс-шаралар ең жиі жүргізілетін бағыт болып табылады (100%), психологиялық көмек те басым (91,7%), ал тұрмыстық көмек (75%) және құқықтық кеңес (66,7%) кеңінен таралған. Бұл көрсеткіштер көрсеткендей, мамандар бірнеше салада жұмыс істейді, әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлінеді.

• *Ең жиі жұмыс істейтін клиенттер:* Балалы әйелдер (83,3%) ең көп кездесетін клиенттер тобы, бірақ қайталама келушілер де белгілі бір деңгейде қатысады (33,3%).

3. Клиент қажеттіліктері

• *Ең жиі сұранысқа ие көмек түрлері:* Психологиялық көмек (100%) бірінші орында, одан кейін тұрмыстық және қаржылық көмек (66,7%), ал құжат рәсімдеуге көмек (41,7%) сұранысқа ие. Бұл клиенттердің негізгі қажеттілігі психологиялық қолдау екендігін көрсетеді.

• *Қанағаттандырылмаған негізгі қажеттіліктер:* Тұрақты баспанаға деген қажеттілік (58,3%) басым, сондай-ақ жұмысқа орналасу мәселелері де маңызды (41,7%).

4. Қиындықтар мен кәсіби жүктеме

• *Кездесетін қиындықтар:* Эмоциялық шаршау (83,3%) ең көп таралған қиындық болып табылады, бұл кәсіби күйзеліс пен стресстің жоғары деңгейін көрсетеді. Сондай-ақ кадр тапшылығы (50%) және агрессормен қарым-қатынас (33,3%) мәселелері бар.

• *Өзін кәсіби тұрғыда күйзелген сезінеді:* Көптеген мамандар өздерін кәсіби тұрғыда күйзелген сезінеді (66,7%), бұл психологиялық қолдаудың қажеттілігін көрсетеді.

• *Қызметкерлерге қажетті қолдау түрлері:* Психологиялық тренингтер (75%) ең қажетті көмек түрі болып табылады, сондай-ақ жалақыны көтеру (66,7%) және супервизия (50%) да маңызды қолдау құралдары.

• *Қай салада қайта оқытудан өткізу керек:* Қиын клиенттермен жұмыс (58,3%) қайта оқытуды қажет ететін негізгі сала болып табылады, сондай-ақ құқықтық білімді жетілдіру қажеттілігі (41,7%) байқалады.

Деректер көрсеткендей, мамандар көбінесе психологиялық көмек, әлеуметтік іс-шаралар және тұрмыстық көмек көрсету бағыттарында жұмыс істейді. Сонымен қатар, клиенттер арасында психологиялық көмекке сұраныс басым болып табылады. Қиындықтар мен кәсіби күйзеліс деңгейі жоғары, әсіресе эмоционалды шаршау мен кадр тапшылығы мәселелері айқын байқалады. Сондықтан, қызметкерлерге психологиялық тренингтер мен қосымша қолдау түрлері қажет екені анық.

Келесі диагностикалық эксперимент тұрмыстық зорлық зомбылықтың кез келген түріне ұшыраған әйелдер арасында жүргізілді. Олардың зорлық-зомбылықтан кейінгі психологиялық әл-ауқаты деңгейі мен психологиялық мәселелерін анықтау мақсатымен Post-Traumatic Stress Disorder Checklist (PCL) сұрақнамасы қолданылды.

Бастапқыда бұл әдістеме АҚШ-тың ардагерлер ісі жөніндегі министрлігі (U.S. Department of Veterans Affairs) тарапынан әзірленген. Негізгі авторлары: David T. Weathers, Matthew J. Litz және т.б. [15]. Ол ПТСБ-ға (посттравмалық стресстік бұзылысқа) тән белгілерді бағалайтын 20 сұрақтан тұрады.

Респонденттер соңғы 30 күн ішінде осы белгілердің әрқайсысын қаншалықты жиі сезінгендерін 0-ден 4-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды:

- 0 = мүлде болған жоқ
- 1 = айына бірнеше рет
- 2 = аптасына бірнеше рет

- 3 = дерлік күн сайын
- 4 = күн сайын

Бұл психодиагностикалық әдістеме қазақ тіліне аударылып 10 зерттелушілерге ұсынылды. Толық және адал жауаптар алу үшін сұрақнама анонимді түрде жүргізілді. Оның нәтижелері талданып келесі кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары арасында жүргізілген PCL сұрақнамасының нәтижелерін талдау

№	Психологиялық көрсеткіштер (категориялар)	Әйелдер саны (n=10)	Үлесі (%)
1	Травматикалық жағдайды қайта бастан кешіру	9	90%
2	Триггерлерден қашу (еске түсіретін жағдайлардан аулақ болу)	8	80%
3	Теріс эмоционалды жағдай (қорқыныш, үмітсіздік, кінә сезімі)	10	100%
4	Гиперактивтілік (қатты үрейлену, ашушандық, ұйқысыздық)	7	70%
5	Өзін қауіпсіз сезінбеу	8	80%
6	Басқа адамдардан оқшаулану, әлеуметтік шеттету	6	60%
7	Өмір сүруге деген мотивацияның төмендеуі	5	50%
8	Қарым-қатынаста сенімсіздік	9	90%
9	Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі	8	80%
10	Суицидтік ойлар немесе күйзелістік күйлер	3	30%

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зерттеуге қатысқан 10 әйелдің басым көпшілігі посттравмалық стресстік бұзылыстың түрлі симптомдарын бастан кешіріп жүр.

1. *Травматикалық жағдайды қайта бастан кешіру* 90% әйелде байқалады. Бұл олардың санасында зорлық көрген сәттер жиі еске түсіп, психикалық күйзеліс туғызатынын білдіреді (мысалы, қорқынышты түс көру, флешбектер).

2. *Триггерлерден қашу* – 80% әйел қорқыныш тудыратын жағдайлардан, адамдардан немесе сөздерден аулақ болуға тырысады. Бұл олардың күнделікті өміріне кері әсер етеді.

3. *Теріс эмоциялар* – барлық қатысушыларда (100%) қорқыныш, кінә, үмітсіздік сияқты сезімдер бар. Бұл олардың ішкі күйінің тұрақсыз екенін және кәсіби психологиялық көмекке мұқтаж екенін көрсетеді.

4. *Гиперактивтілік* – 70% респондент *үрей, ашушандық* немесе *ұйқысыздықтың* белгілерін көрсеткен. Бұл – жүйке жүйесінің шамадан тыс қозуының белгісі.

5. *Өзін қауіпсіз сезінбеу* – 80% әйел бұл сезімді бастан кешіреді. Бұл олардың өміріндегі қауіпсіздік сезімінің бұзылғанын білдіреді, әсіресе ер адамдармен жақын қарым-қатынаста болғанда.

6. *Оқшаулану, жалғыздық сезімі* – 60% әйел басқа адамдармен байланыстан қашады немесе өзін қоғамнан шет сезінеді.

7. *Өмірлік мотивацияның төмендеуі* – 50% қатысушы болашаққа сеніммен қарамайтынын, күш-жігерінің таусылғанын білдірген.

8. *Сенімсіздік* – 90% әйел енді басқа адамдарға, әсіресе ер адамдарға сенімсіздікпен қарайтынын білдірген. Бұл – эмоционалдық жарақаттың тікелей салдары.

9. *Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі* – 80% қатысушы өзін бағаламау, өзіне деген сенімсіздік сезімін бастан кешіреді.

10. *Суицидтік ойлар немесе ауыр күйзеліс* – 30% әйелде өмір сүруге деген қызығушылықтың күрт төмендегені байқалған, бұл өте дабылды белгі болып саналады.

Осылайша, біз алған деректер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан кейінгі әйелдердің басым көпшілігінде психологиялық жағдайдың ауыр екенін, ал кейбір жағдайларда тіпті өмірге қауіп төндіретін күйге дейін жететінін көрсетеді. Бұл нәтижелер олардың психологиялық қолдау мен терапиялық араласуды қажет ететінін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ауылдық жерлердегі әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық – күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселе, оның салдары әйелдердің психикалық денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Ауылдық ортаның ерекшеліктері бұл мәселені тереңдетіп, құрбандардың көмекке қолжетімділігін шектейді. Сондықтан, ауылдық жағдайдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған әлеуметтік-психологиялық көмек жүйесін дамыту өте маңызды.

Теориялық зерттеу нәтижелері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйелдердің физикалық денсаулығына ғана зиянмен шектелмей, психологиялық жағдайына күрделі және көпқырлы әсер ететінін көрсетті. Зорлық-зомбылықтың түрлері — физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық — жәбірленушінің психикасында ұзақ мерзімді салдарлар қалдырады. Атап айтқанда, посттравмалық стресстік бұзылыс (ПТСБ), депрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, әлеуметтік оқшаулану және үйренген дәрменсіздік жиі кездеседі.

Эксперименттің нәтижелері көрсеткендей, “Қордай аудандық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы” қызметкерлері клиенттерге жан-жақты — психологиялық, тұрмыстық және құқықтық көмек көрсетумен қатар, өз кәсіби қызметінде бірқатар маңызды қиындықтарға тап болады, соның ішінде эмоционалдық шаршау мен кадр тапшылығы басым. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары арасында жүргізілген PCL сұрақнамасы олардың көпшілігінде посттравмалық стресстік бұзылыс симптомдарының жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Бұл мәліметтер мекеме қызметінің тиімділігін арттыру үшін қызметкерлерге жүйелі психологиялық қолдау, кәсіби оқыту және супервизия қажет екенін, ал клиенттерге бағытталған психотерапиялық және әлеуметтік оңалту шараларын күшейту қажеттілігін нақты көрсетеді. Тек кешенді және мақсатты жұмыс арқылы ғана ауылдық жерлердегі әйелдердің қауіпсіздігі мен психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ростовская Т.К., Калиев Т.Б., Завьялова Н.Б., Безвербный В.А. Профилактика насилия как фактор безопасности семьи: Российский и казахстанский опыт // *Женщина в российском обществе*. – 2021. – № 1 (86). – С. 79-88. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/profilaktika-nasiliya-kak-faktor-bezopasnosti-semi-rossiyskiy-i-kazahstanskiy-opyt> (дата обращения: 29.04.2025).
2. Есдәулет Т. Зорлық түбі – қорлық [Электронный ресурс] // *Айкын.kz*. – 2023. – 25 қараша. – URL: <https://aikyn.kz/259055/zorlyk--tubi---k-orlyk> (дата обращения: 30.04.2025).
3. Рахман Г. Қыз келіншектерді кім қорғайды? [Электронный ресурс] // *Ақжол газеті*. – 2023. – URL: <https://mail.aqjolgazet.kz/165175/yz-kelinshekterdi-kim-or-aydy> (дата обращения: 29.04.2025).
4. Kaur, P. & Kaur, V. (2024). *The Impact of Domestic Violence on Women's Mental Health and Well Being*. Jai Maa Saraswati Gyandayini An International Multidisciplinary e-Journal. 10. 01-10. DOI: 10.53724/jmsg/v10n1.02.
5. Campo, M., Tayton, S. Domestic and family violence in regional, rural and remote communities: Policy and practice paper / Australian Institute of Family Studies. – Melbourne: Child Family Community Australia, 2015. – 8 с. – Режим доступа: <https://aifs.gov.au/resources/policy-and-practice-papers/domestic-and-family-violence-regional-rural-and-remote> (дата обращения: 30.04.2025).
6. Keynejad R. C., Hanlon C., Howard L. M. Psychological interventions for common mental disorders in women experiencing intimate partner violence in low-income and middle-income countries: a systematic review and meta-analysis // *The Lancet. Psychiatry*. – 2020. – Vol. 7, №2. – P. 173–190. – DOI: 10.1016/S2215-0366(19)30510-3.
7. Малкина-Пых И. Г. Психологическая помощь пострадавшим от насилия: учебник / И. Г. Малкина-Пых. — М.: КНОРУС, 2023. — 334 с. — (Бакалавриат, специалитет и магистратура).
8. Таусинова О.К. Причины и последствия насилия в отношении женщин // *Личность в меняющемся мире: здоровье, адаптация, развитие*. 2022. Т. 10, № 1 (36). С. 93–101. URL: <http://humjournal.rzgmu.ru/art&id=522>. - DOI: 10.23888/humJ202210193-101

9. Темирканова Д., Сматлаев Б., Муканов М. Криминологическая характеристика бытового насилия: научная статья // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия: Право. — 2024. — № 149(4). — С. 135–148. — DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-149-4-135-148>.

10. Казбек А. Ж. Проблема бытового насилия: социальноэкономические особенности // Academic research in educational sciences. — 2024. — № 3. — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-bytovogo-nasiliya-sotsialnoekonomicheskie-osobennosti> (дата обращения: 30.04.2025).

11. Всемирная организация здравоохранения. Насилие и его влияние на здоровье: доклад о ситуации в мире: краткий обзор / Всемирная организация здравоохранения. — Женева, 2002. — URL: https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/67403/a77019_rus.pdf?sequence=17. — Дата обращения: 30.04.2025.

12. Кора, Н. А. Домашнее насилие как фактор разрушения семейных отношений / Н. А. Кора // Психологическое здоровье и развитие личности в современном мире : Материалы II Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, Благовещенск, 25–26 ноября 2021 года. — Благовещенск: Амурский государственный университет, 2022. — С. 270–277. — DOI 10.22250/9785934933792_270.

13. Абенова К. А., Сапирова М. М. Домашнее насилие в отношении женщин: постановка проблемы // Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy. — 2024. — № 3. — С. 22–30. — DOI: <https://doi.org/10.46914/2959-3999-2024-1-3-22-30>.

14. Козлов Н. И. Психологическая помощь [Электронный ресурс] / Н. И. Козлов // Psychologos.ru. — 2022. — 2 окт. — URL: <https://psychologos.ru/articles/view/psihologicheskaya-pomosch> (дата обращения: 30.04.2025).

15. Weathers F.W., Litz B.T., Keane T.M., Palmieri P.A., Marx B.P., Schnurr P.P. The PTSD Checklist for DSM-5 (PCL-5) [Электронный ресурс]. — 2013. — URL: <https://www.ptsd.va.gov> (дата обращения: 30.04.2025).

References

1. Rostovskaya T.K., Kaliev T.B., Zavyalova N.B., Bezverbnny V.A. Profilaktika nasiliya kak faktor bezopasnosti semi: Rossiyskiy i kazakhstanskiy opyt // Zhenshchina v rossiyskom obshchestve. — 2021. — № 1 (86). — С. 79–88. — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/profilaktika-nasiliya-kak-faktor-bezopasnosti-semi-rossiyskiy-i-kazahstanskiy-opyt> (data obrashcheniya: 29.04.2025).

2. Esdaulet T. Zorlyk tübi – qorlyq [Elektronnyy resurs] // Aikyn.kz. — 2023. — 25 qarasha. — URL: <https://aikyn.kz/259055/zorlyk--tubi---k-orlyk> (data obrashcheniya: 30.04.2025).

3. Rakhman G. Qyz kelinshekterdi kim qorǵaydy? [Elektronnyy resurs] // Aqjol gazet. — 2023. — URL: <https://mail.aqjolgazet.kz/165175/yz-kelinshekterdi-kim-or-aydy> (data obrashcheniya: 29.04.2025).

4. Kaur P., Kaur V. The Impact of Domestic Violence on Women's Mental Health and Well Being // Jai Maa Saraswati Gyandayini An International Multidisciplinary e-Journal. — 2024. — Vol. 10. — P. 01–10. — DOI: 10.53724/jmsg/v10n1.02.

5. Campo M., Tayton S. Domestic and family violence in regional, rural and remote communities: Policy and practice paper / Australian Institute of Family Studies. — Melbourne: Child Family Community Australia, 2015. — 8 s. — Rezhim dostupa: <https://aifs.gov.au/resources/policy-and-practice-papers/domestic-and-family-violence-regional-rural-and-remote> (data obrashcheniya: 30.04.2025).

6. Keynejad R.C., Hanlon C., Howard L.M. Psychological interventions for common mental disorders in women experiencing intimate partner violence in low-income and middle-income countries: a systematic review and meta-analysis // The Lancet. Psychiatry. — 2020. — Vol. 7, № 2. — P. 173–190. — DOI: 10.1016/S2215-0366(19)30510-3.

7. Malkina-Pykh I.G. Psikhologicheskaya pomoshch postradavshim ot nasiliya: uchebnik / I.G. Malkina-Pykh. — М.: KNORUS, 2023. — 334 s. — (Bakalavriat, spetsialitet i magistratura).